аптaлық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# Приозёрский Вестник

№51/539

22 декабря 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

*16-желтоқсан - Тәуелсіздік күні*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН БОЛЫП ӨТТІ

**Үстіміздегі жылдың 15-желтоқсанында Приозерск қаласының жастар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығының акт залында қала тұрғындарының Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Күніне арналған салтанатты жиыны өткізілді.**

Мерекеге сай безендірілген залға жиналған қала тұрғындары да Ұлттық мерекені асыға күткендей, жамыраса қол соғып, сахнаға бірінші болып шыққан бишілер тобын қуана қарсы алды. «Эйфория» би тобы «Қазақ биін» орындағаннан соң, сахнаға жүргізушілер шығып, жиналғандарды Ұлттық мерекемен құттықтады. Осыдан кейін сахнаға ҚР Мемлекеттік Туы енгізіліп, ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалды.







Бірінші болып сөз алған қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин мемлекетіміздің тәуелсіздік алуы жайында қысқаша баяндай келе, жұртшылықты мерекемен құттықтап, тілегін білдірді. Келесі кезекте қала әкімі Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты қаламыздың көркеюі мен экономикасының өсуіне өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтарға марапаттар табыс етті. Атап айтқанда, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен №1 жалпыбілімдік мектептің мұғалімі Наркулова Эльмира Жексенбайқызы және оқу бөлімінің сектор меңгерушісі Медетбекова Алма Амановна, Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен жедел құтқару тобының құтқарушысы Сағатов Әзілхан Оразбаевич және ТҮҚҚ өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Қораласбаева Айнакүл Жұмабекқызы, Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен әкім аппаратының бас есепшісі Махатов Жазылбек Қосанбайұлы және № 06708 әскери бөлімінің қызметшісі Жалалиев Башир Яилович, Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Шамшатов Әсет Сайранбекұлы, № 06708 әскери бөлімінің қызметшісі Аманбаева Шаһаризада Сарсембайқызы және «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің Приозерск қалалық бөлімінің ұжымы (басшысы Балтышев Ерік Таткенұлы), «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалының Алғыс хатымен № 2 жалпы білім беретін мектептің директоры Алтынбекова Қарлығаш Серікқызы, «Айналайын» бөбек-жайының директоры Күлмағамбетова Айткүл Жеңісқызы, «Қазақтелеком» АҚ Приозерск қаласы бойынша ЛТТ электромонтеры Жапарбердиева Фатима Есенамановна және «Балбөбек» бала бақшасының директоры Рахаева Гүлжан Сламжановна марапатталды. Сонымен қатар, Тәуелсіздік күні мерекесінің қарсаңында қайта қалпына келтірілген Достық көшесіндегі 29-шы үйдің пәтер кілттері Базархан Мейрамбекұлы Жұмахановқа, көпбалалы ана Нұрқалиева Гүлбира Жұмабекқызына табыс етілді.



Келесі болып сөз алған қалалық Мәслихаттың хатшысы Сәрсембеков Бекзат Мұқсиынұлы да көпшілікті мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдіргеннен кейін төмендегі азаматтарды қақалық Мәслихат хатшысының алғыс хатымен марапаттады: «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының электромонтеры Сердалиева Құралай Аширбекқызы және Қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Идирахманов Қанатбек Қаттабекұлы. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай қалалық мәслихат хатшысының Құрмет грамотасымен Приозерск қаласы прокуратурасының жетекші маманы Бурцева Нұрзия Мақсатқызы, «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаменті Приозерск аудандық бөлімшесінің басшысы Рахматулина Диана Асхатовна, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының мемлекеттік инспекторы Кадирова Хиуаз Разақбайқызы, «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері Юсупов Елдос Сыдықұлы, «Балбөбек» бөбекжайының қызметкері Жунусов Сапар Несипбекұлы, Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасының су және жылумен жабдықтау учаскесінің басшысы Кишкинбаев Азамат Давлатұлы, Балқаш электро жүйелері филиалының оңтүстік электр жүйелері ауданының инженері Асанбеков Мухит Мирзакаримұлы марапатталды.





Осыдан кейін тұрғындардың алдына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан Бакеева Әлібай Қалибекұлы шығып, сол бір ызғарлы желтоқсанда өзінің қалай қудаланғанын, кейіннен ақиқат жеңіп, тәуелсіздіктің қалай келгені туралы баяндап берді. Жиналған қауым бір минут үнсіздікпен желтоқсан құрбандарын еске алды.

Салтанатты жиналыстың екінші бөлімінде Балқаш қаласынан келген көркемөнерпаздар тобы көпшілікке мерекелік концерт берді.

**Б. Алшынбекұлы**

***Суреттерде: салтанатты жиыннан көріністер***

*Тәуелсіздік күні аталып өтті*

## БІЗ — ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!

**Тәуелсіздіктің мәні мен маңызын жас ұрпақ ерте бастан сіңіруі тиіс! Мектеп қабырғасындағы оқушылар осыны ұғынуы керек. Осы мақсатта № 2 ЖОББМ-інде 8-15 желтоқсан аралығында «Біз — Тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз!» ұранымен ҚР Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналған іс-шаралар өтті.**

Мектептің 1-қабатында мерекеге орай «Елбасы және тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында кітаптар көрмесі орналастырылды. Көрмеге Президенттің қаламынан туындаған кітаптары мен Тәулсіздікке арналған көрнекіліктер қойылды. Әдістемелік бірлестік жетекшілері мен мектеп кітапханашысы оқушыларды көрмемен таныстырды. Сонымен қатар апта бойы 1-8 сыныптарда «16 желтоқсан – Қазақстан - Республикасының Тәуелсіздік күні. Жаңа қазақстандық патриотизм- көпұлтты қоғамның даму негізі» және 9-11 сыныптарды «Мәңгілік Елдің жеті мызғымас қағидасы» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттар барысында Туған жер, Отан, ҚР Тәуелсіздігі туралы бейнероликтер көрсетілді.

15-желтоқсан күні салтанатты жиын өтті. Жиын мемлекеттік әнұранмен ашылып, тақырыпқа сай көрініс қойылып, ән-би шырқалып, тақпақтар оқылды. Сонымен қатар, жиын барысында жылдағы дәстүрге сай мектептің бастауыш сынып оқушылары «Жас Қыран» балалар және жасөспірімдер ұйымының қатарына салтанатты түрде қабылданды. Жиынға ата-аналар, оқушылар және ұстаздар қатысты.

Мерекелік іс-шараларды спортық жарыстар мен ойындар жалғастырды. Апта бойына 6-9 сынып оқушылары арасында волеболдан, баскетболдан жарыстар ұйымдастырылды. Жеңімпаз командалар мадақтама қағаздарымен марапатталды.



**К.Алтынбекова,**

***мектеп директоры***

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**«Согласовано»**
Руководитель
ГУ «Отдел жилищно-коммунального
хозяйства, пассажирского транспорта,
автомобильных дорог и жилищной
инспекции г.Приозерск»
«____»_______________ 2017 г.
_________________Т. Айдарханов
М.П.

**«Утверждаю»**
Директор
КГП «УЖКР»
при акимате г.Приозерск
«____» ______________ 2017г.

___________ У.Каланбоев
М.П.

# ПРАВИЛА

## ПРИЕМА АВТОТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И МАЛОМЕРНЫХ СУДОВ НА СПЕЦИАЛЬНУЮ ПЛОЩАДКУ КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО РЕФОРМИРОВАНИЯ» ПРИ АКИМАТЕ Г.ПРИОЗЕРСК, ИХ ХРАНЕНИЕ И ВЫДАЧА

### 1. Общие положения

1.1.Настоящие Правила приема автотранспортных средств и маломерных судов на специальную площадку Коммунального государственного предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования» при акимате г.Приозерск (далее - Предприятие), их хранение и выдача (далее – Правила) разработаны в соответствии с частью 4 статьи 118, частями 3 и 4 статьи 221 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 года (далее – УПК), статьями 777, 792, 797 Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года «Об административных правонарушениях» (далее – КоАП) и пунктом 38 постановления Правительства Республики Казахстан от 9 декабря 2014 года № 1291 «Об утверждении Правил изъятия, учета, хранения, передачи и уничтожения вещественных доказательств, изъятых документов, денег в национальной и иностранной валюте, наркотических средств, психотропных веществ по уголовным делам судом, органами прокуратуры, уголовного преследования и судебной экспертизы».

1.2.Местонахождение специальной площадки – город Приозерск, ул.Панфилова, гаражный массив 24, ряд 15.

1.3.Деятельность по содержанию специальной площадки, принятие мер по хранению задержанных автотранспортных средств и маломерных судов (далее - транспортные средства) и их выдаче со специальной площадки по разрешению уполномоченного должностного лица, по возмещению расходов за хранение, осуществляет Предприятие.

1.4.Правила регламентируют деятельность Предприятия по приему, хранению и выдаче транспортных средств, действия должностных лиц правоохранительных и специальных органов, военной полиции, органов транспортного контроля, рыбоохраны, органов, осуществляющих государственный надзор за соблюдением правил охоты, и органов лесного и охотничьего хозяйства, судебных исполнителей по передаче транспортных средств.

Правила предоставляются для ознакомления гражданам по их требованию, копии указанных Правил находятся на предприятии и непосредственно на специальной площадке.

1.5.Порядок содержания специальной площадки, хранение и выдача транспортных средств, возмещение расходов Предприятия на хранение, проведение работы по невостребованным транспортным средствам, определяются настоящими Правилами и заключенными в соответствии с ними договорами, а также действующим законодательством Республики Казахстан.

### 2. Порядок приема задержанных транспортных средств на хранение

2.1.Задержание, доставление и запрещение эксплуатации транспортных средств производится уполномоченными на то лицами правоохранительных и специальных органов, военной полиции, органами транспортного контроля, рыбоохраны, органами, осуществляющими государственный надзор за соблюдением правил охоты, и органами лесного и охотничьего хозяйства, судебными исполнителями при совершении уголовного или административного правонарушения лицом, управляющим транспортным средством.

2.2.Транспортные средства принимаются Предприятием на хранение при совершении их владельцами правонарушений, предусмотренных уголовным и административным законодательством Республики Казахстан, на основании процессуальных документов (протоколов, актов приема-сдачи для хранения транспорта, постановлений, распоряжений) вынесенных уполномоченными на то лицами органов, указанных в п. 2.1. настоящих Правил, а также судебного акта.

Доставление (эвакуация) транспортных средств для их временного хранения на специальной площадке также может быть применено в случаях нарушения водителями транспортных средств Правил дорожного движения, а также с транспортными средствами, оставленными водителями на дороге без присмотра, когда установить их местонахождение не представляется возможным, в том числе при наличии задолженности по налогу на транспортное средство, задолженности за ранее наложенные штрафные санкции и т.д.

2.3.Транспортные средства помещаются на специальную площадку на основании процессуальных документов, оформленных надлежащим образом с указанием соответствующих статей УПК и КоАП РК.

Указанные процессуальные документы оформляются до въезда (ввоза) задержанного транспортного средства на территорию специальной площадки.

2.4.Без предъявления процессуального документа или судебного акта транспортные средства на специальную площадку для хранения не впускаются и не принимаются.

Допуск лиц, не участвующих в подписании акта приема-передачи транспортного средства, на территорию специальной площадки строго воспрещается. Допуск разрешается при предъявлении соответствующих документов, дающих право на допуск.

2.5. При помещении транспортного средства на специальную площадку составляется Акт приема-передачи по установленной форме согласно Приложению 1 к настоящим Правилам в двух экземплярах, в котором должны содержаться следующие данные:

-дата, время и место составления акта;

-фамилия, имя, отчество и должность лица, задержавшего транспортное средство;

-данные процессуального документа либо судебного акта о задержании транспортного средства;

-краткая опись транспортного средства (технические характеристики транспортного средства, номера агрегатов, данные о государственном номере, внешнее описание транспортного средства), находящиеся в нем предметы, данные о владельце транспортного средства;

-подписи лиц, задержавших и принявших транспортное средство, владельца транспортного средства (собственника или лица, у которого данное транспортное средство находится во владении или пользовании);

Один экземпляр акта приема-передачи выдается уполномоченному лицу, указанному в п. 2.1. настоящих Правил, второй экземпляр хранится в Предприятии, принявшем транспортное средство.

2.6.Транспортное средство, в отношении которого оформлены все документы, необходимые для помещения на специальную площадку, в порядке, определенном настоящими Правилами, незамедлительно помещается на специальную площадку;

2.7.Владелец транспортного средства обязан отсоединить аккумулятор, убрать все лишние, личные, ценные элементы и предметы, закрыть транспортное средство.

2.8. Не допускаются к помещению на специальную площадку транспортные средства с грузом или прицепами, внутри которых содержатся скоропортящиеся предметы, сено и другие легковоспламеняющиеся предметы, тарированные жидкости, предметы, со свойствами расширяться при солнечном нагреве и т.п.

### 3. Порядок хранения транспортного средства и маломерных судов на специальной площадке

3.1.При хранении принятых транспортных средств Предприятие:

-обеспечивает сохранность переданных ему в порядке, определенном настоящими правилами;

-организовывает круглосуточную охрану;

-осуществляет текущее обслуживание инфраструктуры специальной площадки;

-обеспечивает уборку территории специальной площадки;

-обеспечивает своевременную оплату коммунальных и иных услуг;

-обеспечивает своевременную уплату налогов и иных обязательных платежей в бюджет за специальную площадку.

3.2.Доступ и проезд (в случае необходимости) на территорию специальной площадки разрешается:

-уполномоченным лицам, указанным в п. 2.1. настоящих Правил, непосредственно задержавшим и доставившим транспортное средство при передаче на хранение;

-владельцу транспортного средства при передаче на хранение и его получении;

-водителю спецтехники для разгрузки или погрузки транспортного средства;

-ответственным работникам Предприятия.

3.3.При хранении транспортного средства запрещается выдавать кому-либо какие-либо предметы, относящиеся к принятому транспортному средству

В случае необходимости получения доступа для осмотра, составления описи, проведения следственных действий, производства оценки, изъятия или получения каких-либо предметов, уполномоченное лицо, указанное в п. 2.1. настоящих Правил, письменно обращается к руководству Предприятия с указанием причин и следующих сведений:

-для физического лица - Ф.И.О. полностью, номер и дата выдачи удостоверения личности, адрес фактического проживания и телефон, дата и время доступа, отношение к хранимому транспортному средству (собственник, доверенность и т.п.), обоснование причин для получения доступа;

-для юридического лица, представителей местного исполнительного органа и других должностных лиц - исходящий номер документа, дата и время доступа, номер дела, планируемые мероприятия, подпись непосредственного руководителя и печать.

Для доступа работник на штрафной стоянке сопровождает заинтересованное лицо и обеспечивает доступ на основании письменного распоряжения (разрешения) уполномоченного лица, указанного в п. 2.1. настоящих Правил, о доступе на территорию специальной площадки по установленной форме согласно Приложению 2 к настоящим Правилам.

### 4. Порядок выдачи транспортных средств со специальной площадки

4.1.Транспортное средство выдается со специальной площадки на основании письменного разрешения уполномоченного лица, указанного в п. 2.1. настоящих Правил, которое является обязательным независимо от оснований помещения и лиц, поместивших транспортное средство на площадке.

4.2.Транспортное средство со специальной площадки выдается при предоставлении и соблюдении следующих требований:

- документ, указанный в п.4.1. настоящих Правил;

- документ, удостоверяющий личность получателя, и его копию;

-документы, подтверждающие право собственности или владения (доверенность) на транспортное средство и их копии;

-оплате стоимости услуг по хранению и доставке транспортного средства на штрафную стоянку (квитанция об оплате на расчетный счет предприятия).

4.3.Владельцы транспортных средств обязаны возместить расходы Предприятия по хранению на штрафной стоянке.

Предприятие принимает оплату за хранение транспортного средства на специальной площадке на свой расчетный счет.

4.4.Сумма расходов по хранению, подлежащая возмещению, устанавливается в соответствии со статьей 146 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» Предприятием самостоятельно согласно Приложению 3 к настоящим Правилам, и должна обеспечивать полное возмещение понесенных Предприятием затрат при хранении, безубыточность его деятельности и финансирование за счет собственных доходов.

4.5.По истечении трех лет хранения задержанного транспортного Предприятие предъявляет счет на возмещение расходов по хранению транспортного средства (в соответствии Гражданским кодексом Республики Казахстан).

4.6.В случае отказа владельца транспортного средства от оплаты расходов, Предприятие оставляет за собой право привлечь специализированную организацию по оценке транспортного средства, в том числе не выдавать транспортное средство до разрешения взыскания оплаты в судебном порядке.

В рамках Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и оценки транспортного средства, Предприятие вправе принять транспортное средство в хозяйственное ведение с целью возмещения расходов по его хранению и оценке.

4.7.В соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», поступившие в хозяйственную деятельность Предприятия транспортные средства могут быть реализованы.

4.8.Случаями постановки транспортного средства не по вине владельца являются:

-в результате дорожно-транспортного происшествия при наличии подтверждения органами МВД РК о том, что владелец является потерпевшим;

-по угону при подтверждении органами МВД РК;

-в случае неправомерной постановки либо непринятия мер по своевременной выдаче транспортного средства лицами правоохранительных и специальных органов;

-в случае смерти владельца транспортного средства;

4.9.Плата за хранение транспортных средств на специальной площадке в случаях, указанных в п. 4.6.настоящих Правил, взимается с владельца транспортного средства за весь период хранения в размере 0,1 МРП в сутки, но не более 20 МРП.

За владельцами транспортного средства сохраняется право регрессного требования к виновному лицу, взыскание выплаченных им денежных сумм за услуги хранения, оказанных Предприятием.

4.10.В случае выдачи транспортных средств по основаниям п. 4.8 Правил, лицом, уполномоченным на получение транспортного средства, предоставляется:

-копия документа уполномоченных органов, указанных в п. 2.1. настоящих Правил, на основании которого на специальную площадку было помещено транспортное средство. Копия должна быть удостоверена печатью государственного органа или суда;

-сопроводительное письмо с указанием номера дела и обстоятельств. Сопроводительное письмо должно иметь исходящий номер и печать органа, выдавшего письмо;

-в случае смерти владельца транспортного средства дополнительно предоставляется копия свидетельства о смерти;

-иные документы, подтверждающие сведения по заявлению владельца.

### 5. Заключительные положения

5.1.Настоящие Правила вступают в силу со дня утверждения Предприятием, согласования с органом государственного управления Предприятия и органами внутренних дел г.Приозерск ДВД Карагандинской области.

**«Согласовано»**
ВРиО начальника ОВД г.Приозерск
ДВД Карагандинской области
«____»______________ 2017 г.
____________ М. Айхамбаев

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

# ПРАВИЛА
## ПРИЕМА АВТОТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И МАЛОМЕРНЫХ СУДОВ НА СПЕЦИАЛЬНУЮ ПЛОЩАДКУ КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО РЕФОРМИРОВАНИЯ» ПРИ АКИМАТЕ Г.ПРИОЗЕРСК, ИХ ХРАНЕНИЕ И ВЫДАЧА

Приложение № 1
к Правилам приема транспортных средств
и маломерных судов на специальную
площадку КГП «УЖКР»,
их хранение и выдача

### АКТ ПРИЕМА-ПЕРЕДАЧИ №______
### транспортных средств и маломерных судов для хранения на специальную площадку

"____"__________201__г.

__________________________
*время постановки (час, мин.)*

**Я,** ________________________________________________

*(должность, ФИО уполномоченного лица, задержавшего, доставившего, запретившего*

*эксплуатацию транспортного средства)*

**и дежурный специальной площадки Предприятия** ______________________

*(ФИО представителя специальной площадки Предприятия)*

первый сдал, второй принял транспортное средство марки______________________
______________________; регистрационный номер____________;
Двигатель №___________; кузов № __________; принадлежность___________________;
_____________________________________________

*(ФИО владельца, его адрес, телефон, наименование организации, адрес)*

**1. КОМПЛЕКТНОСТЬ ТРАНСПОРТНОГО СРЕДСТВА**

1. Колпаки колес
2. Декоративные диски
3. Крышка бензобака
4. Щетки стеклоочистителя
5. Противотуманные фары
6. Зеркала заднего вида
7. Зеркала бокового вида
8. Антенна
9. Запасное колесо
10. Комплект инструмента
11. Домкрат
12. Радиомагнитола
13. Пепельница
14. Показания датчика топлива________
15. Подголовники
16. Чехол рулевого колеса
17. Чехлы сидений
18. Ключ зажигания
19. Ключ багажника
20. Ремни безопасности
21. Аптечка
22. Знак аварийной остановки
23. Огнетушитель
24. Дополнительное оборудование
___________________________
25. В системе охлаждения ___________________
26. Прочее______________________________

**2. ВНЕШНИЕ ПОВРЕЖДЕНИЯ**

**3. НАЛИЧИЕ ЦЕННОСТЕЙ ИЛИ ГРУЗА**

**4. ПРИЧИНА ЗАДЕРЖАНИЯ**

**5. КОМПЛЕКТНОСТЬ, ВНЕШНИЕ ПОВРЕЖДЕНИЯ, НАЛИЧИЕ ГРУЗА**
**подтверждаются свидетелями или с применением технических средств с отражением их характеризующих признаков (заполняется в случае отсутствия водителя)**

1.____________________________________ ______________
*(ФИО, адрес, телефон, место работы свидетеля) (подпись)*

2. ____________________________________ ______________
*(ФИО, адрес, телефон, место работы свидетеля) (подпись)*

С комплектностью СОГЛАСЕН, транспортное средство сдал:

**Водитель (владелец)** _______________________ ______________
*(ФИО) (подпись)*

**Сдал:** _______________________________ ______________
*(должность, ФИО уполномоченного лица, задержавшего, (подпись)*
*доставившего, запретившего эксплуатацию транспортного средства)*

**Принял:** _______________________________ ______________
*(ФИО представителя специальной площадки Предприятия) (подпись)*

## Уважаемые жители города Приозерск!

Извещаем Вас о том, что при Коммунальном государственном предприятии «Управление жилищно-коммунального реформирования» при акимате г.Приозерск организована специальная площадка по приему автотранспортных средств и маломерных судов, их хранение и выдача.

Предоставляем для ознакомления Правила приема автотранспортных средств и маломерных судов на специальную площадку Коммунального государственного предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования» при акимате г.Приозерск, их хранение и выдача.

**По всем интересующим вопросам относительно специальной площадки (предложения, замечания) просим обращаться в КГП «УЖКР» по адресу: г.Приозерск, ул.Балхашская,7 либо по телефону: 8 (71039) 52454, до 29.12.2017 г.**

**Администрация КГП «УЖКР»**

### РАСПИСКА
### о получении транспортного средства согласно акту № __________

Транспортное средство получено "___" ________201__г._в___час______минут___________
_____________________________________________

*(ФИО лица, по каким документам: удостоверение личности (паспорт), водительское удостоверение,*
_____________________________________________
*серия и технические характеристики согласно свидетельству о регистрации транспортного средства)*
_____________________________________________

Разрешение уполномоченного лица, задержавшего, доставившего и запретившего эксплуатацию транспортного средства №______________ от _________________

Выдача, произведена в присутствии свидетелей *(заполняется в случае несоответствия фактического состояния транспортного средства с записями акта с участием свидетелей или фиксируется на техническое средство с указанием его технических характеристик)*

1.____________________________________ ______________
*(ФИО, адрес, телефон, место работы свидетеля) (подпись)*

2.____________________________________ ______________
*(ФИО, адрес, телефон, место работы свидетеля) (подпись)*

**Водитель (владелец)**_______________________ ______________
*(ФИО) (подпись)*

«Согласовано»
Директор КГП «УЖКР»
при акимате г.Приозерск
«____» ____________ 2017 г.
___________ У. Каланбоев
М.П.

Приложение № 2
к Правилам приема транспортных средств и
маломерных судов на специальную
площадку КГП «УЖКР»,
их хранение и выдача

### Распоряжение № _____
г.Приозерск «___» ___________ 2017 г.

Рассмотрев обращение______________________________
о предоставлении доступа к транспортному средству (маломерному судну) для:
А) цель: ______________________________
_____________________________________________
Б) срок: ______________________________
_____________________________________________

**Решил:**

1.Разрешить ___ ______________________________
*(Ф.И.О. заявителя)*

доступ к транспортному средству ______________________________

находящемуся на специальной площадке КГП «УЖКР».

2. Охраннику ___________________________ осуществлять контроль по соблюдению действий, указанных в пункте А) настоящего распоряжения.

**Приложение:** 1.Копия обращения ______________________________
*(Ф.И.О.)*

**Охранник специальной площадки**
(штрафной стоянки) ______________________________
*(Ф.И.О.)*

Приложение № 3
к Правилам приема транспортных средств
и маломерных судов на специальную
площадку КГП «УЖКР»,
их хранение и выдача

### Расчет
### стоимости за хранение транспортных средств на специальной площадке

| № п/п | Наименование затрат | Ед. изм. | Стои-мость тенге | Сумма на год, тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Затраты на электроэнергию | тенге | 14 | 30 660 |
| 2. | Установка и обслуживание системы видеонаблюдения | тенге | | 320 623 |
| 3. | Устройство ограждения с освещением | тенге. | 628 170 | 628 170 |
| 4. | Приобретение спецодежды и инвентаря | тенге | 40 900 | 69 580 |
| 5. | Налоги и обязательные платежи в бюджет **2%** | тенге | 1002 | 12024 |
| | **Итого:** | - | - | **1 061 057** |
| | **НДС 12 %** | | | 127 327 |
| | **Всего:** | - | - | **1 188 384** |

**Примечание:**

**Всего затрат в год:**
1 188 384 тенге : 12 мес. = 99 032 тенге/в месяц.

Всего затрат в месяц:
99 032 тенге : 30 дней = 3301 тенге/в день.

**Полезная площадь.**
Бокс под стоянку машины - 12 м².

**Стоимость содержания**
кв.м сутки: 3 301 тг/день* 12 м² **= 278,09 тенге /за м²**

**Директор КГП «УЖКР»** **У. Каланбоев**

**Заместитель директора по экономической части** **А. Аринов.**

# ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ 2017 ЖЫЛҒА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Приозерск қаласы бойынша қазіргі күні 6 қоғамдық бірлестік жұмыс атқарады. Олар: «Қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын дамыту жөніндегі Приозерск қалалық Атамұра орталығы» ҚБ, «Арзу» әзірбайжан халықтарының этно-мәдени ҚБ, «Исток» славян халықтарының этно-мәдени ҚБ, «Кәсіпкерлер палатасы», қалалық Ардагерлер Кеңесі және «Жастар Жастарға» қоғамдық бірлестігі. Сонымен қатар, денсаулық сақтау, әскери бөлімшелерде, АҚ «Қазақтелеком» қызмет салаларындағы кәсіподақтық ұйымдар жатады. Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметінде барлық қоғамдық маңызды салаларды қамтиды.

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес отырыс әр тоқсан сайын өткізіледі.

Үкіметтік емес секторлармен конструктивті диалогты ретке келтіру бойынша жұмысты ҮЕҰ қызметі туралы ақпаратты, проблемалары мен дамуын белсендіріп отыратын атқарушы топ өкілдерінің жоспарланған іс шаралары жүзеге асырылып келеді. Соның арқасында үкіметтік емес саланы дамыту жайы қаламызда сындарлы іс-қимыл сатысына қадам басты.

Қаламызда Славян халықтарының этно-мәдени «Исток» қоғамдық бірлестігі, Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын дамыту жөніндегі «Атамұра» орталығы, Әзірбайжан халықтарының этно-мәдени «Арзу» орталығы жұмыс істейді.

«Исток» славян халықтарының этно-мәдени ҚБ-нің бастамасымен жыл сайын «Масленица» орыс ұлттық мейрамын мерекелеу және ұлттық нақыштағы «Бусинка» қолөнер үйірмесін өткізу дәстүрге айналған. Аталмыш этно-орталықта «Сударушка» атты вокалдық ансамбль құрылды.

«Атамұра» орталығы жанынан қазақтың ұлттық жабдықтарымен безендірген шағын музей ашылып, қол өнер және домбыра үйірмесі жұмыс істейді.

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды насихаттау және ұлтаралық бейбітшілік келісім негізінде қаламыздың этно-мәдени бірлестіктер бірлесе отырып, қала әкімнің қатысуымен Алғыс айту күніне орай «Бірлігі бекем елдің тірлігі берекелі» атты мерекелік концертін өткізді.

Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана өмірдің гүлі» тақырыбында мерекелік кеші өткізілді. Сонымен қатар, Жеңіс күніне арналған «Отан үшін от кешкендер» слайд-презентациясы, ҚР Рәміздерінің 25 жылдық мерейтойына арналған кітап көрмесі сынды әртүлі ауқымды іс-шаралар жүргізілді.

«Арзу» ҚБ жыл сайын 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күнін ерекше атап өтеді. Қала тұрғындарына халықтар бірлігі күнінің мәні мен мағынасын, өзіндік ерекшелігін, саналарына тоқытып, бұл мерекенің саяси мәнінің күштілігін насихаттау мақсатында алатын орны ерекше мейрам.

Приозерск қаласында 2 діни бірлестік: православиялық шіркеу, мұсылмандар мешіті жұмыс істейді. Атаулы діни бірлестіктер өкілдері қала өміріне белсене ат салысып, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-насихаттау шараларын жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, қаламызда оралмандар мен ардагерлер кеңесі жұмыс атқарады. Қаламыздағы ардагерлер кеңесі әрқашан ең маңызды және өзекті мәселелерді назарда ұстап қартайған адамдардың әлеуметтік құқығын қорғап қана қоймай бірінші кезекте мүгедектер мен ҰОС қатысқандардың, соғыс жылдарында тылда еңбек еткендерге материалдық және моральдық жағынан қолдау көрсетсе оралмандар кеңесі 1990 жылдардың ортасында тарихи отанына оралған қандастарымыздың әлеуметтік мүдделерін шешуде күш салып келе жатыр.

Жыл басынан Ардагерлер ұйымы көмекке мұқтаж зейнеткерлер мен ардагерлерге жиі қолдау көрсетеді. «Мәңгілік полк» акциясын ұйымдастыру барысында ардагерлер арасында үлкен ақпараттық - түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 25 зейнеткер қатысты. Сонымен қатар, «Алтын күз» ардагерлер хоры ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың 14 сәуірі күні ардагерлер ұйымының 30 жылдығына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді. Салтанатты жиын ардагер өнерпаздардың күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты.

Ұлы Жеңістің 72-жылдығына орай жергілікті қаражат есебінен 4 ҰОС ардагерлеріне, 18 тыл ардагерлеріне, 9 ауған соғысының ардагерлеріне және 2 Чернобыль ликвидациялық аппатының қатысушысына көрсетілген материалдық көмектің жалпы сомасы 910,0 теңгені құрады. 21 зейнеткерге облыстық және республикалық басылымдарға тегін жазылу жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, соғыс ардагерлері мен тыл ардагерліне қала депутаттары, «Нұр Отан» филиалы, қалалық әкімшілік қосымша әлеуметтік көмек көрсетіп қолдау білдірді.

Осының бәрін тұжырымдай келе қаламызда үкіметтік емес ұйымдардың орнықты дамуына жағдай туғызу және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау мен өзара іс-қимыл негізінде қоғамдағы әлеуметтік маңызды проблемаларды шешудегі рөлін арттыру мақсатында жергілікті бюджеттен 8550, 0 мың теңге қаражат бөлінді.

Қаламыздың әлеуметтік маңызды проблемаларын шешуде облыстық үкіметтік емес ұйымдар өз үлестерін қосуда. Атап айтсақ, «Нұрлы Білім» қоғамдық бірлестігі қаламыздың дәстүрлі емес діни ағымдарының ізбасарларымен жеке жұмыстар жүргізілуде. Бөлінген қаржы соммасы 895 мың теңге.

Отбасының оң имиджін ілгерілету мақсатында республикалық «Мерейлі отбасы» конкурсының қалалық деңгейін өткізуге және іс шараның жеңімпаздарының облыстық деңгейге қатысуын «Центр гражданских инициатив» қоғамдық бірлестігі қамтамасыз етті. Бөлінген қаржы соммасы 600 мың.

Сонымен қатар, бұл қоғамдық ұйым сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында жасөспірімдер және ата-аналардың қатысуымен спорттық шара және тақырыптық шығармашылықтан сурет салу, эссе жазудан конкурстар өткізді. Бөлінген қаржы сомасы 650 мың теңге.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2017 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында нашақорлыққа қарсы «Өз өміріңді сақта!» акциясы және «Жастар нашақорлыққа қарсы» атты семинар қалалық «Жастар жастарға» қоғамдық бірлестігінің қамтамасыз етуімен өткізілді. Бөлінген жалпы сомма 600 мың.

Дәстүрлі түрде қаламызда жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға, жастардың патриоттық тәрбиесіне және бос уақыттарын тиімді пайдалануға бағытталған шаралар өткізіліп келеді. Үкіметтік емес ұйымдар бұл бағыттада өз үлестерін қосуда. 2017 жылдың 21 шілде күні «Центр гражданских инициатив» қоғамдық бірлестігінің қамтамасыз етуімен «Қала жастарының кәсіпкерлігін дамыту және қолдау мақсатындағы қала әкімінің гранты» байқауы өткізілді. Бөлінген жалпы соммасы 2 млн.700 мың теңге.

Қалалық «Жастар жастарға» қоғамдық ұйымы жастарымызды жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу мақсатында «Жас патриот мектебі» жобасын жүзеге асыруда. Сонымен қатар, қалалық қоғамдық бірлестік жастар арасында нашақорлықтың алдын алу мақсатында «Жастар нашақорлыққа қарсы» семинарын өткізіп, тақырыптық қойылым көрсетті.

Жастардың «Креатив толқынында» фестивалі қаламызда дәстүрлі түрде 2013 жылдан бері өткізіліп келеді. Мемлекеттік сатып алу конкурстарының нәтижесінде «Ради будущего» қоғамдық бірлестігінің қаматамасыз етуімен фестиваль Халықаралық жастар күні мерекесі аясында 12 тамызда өткізілді. Жастарды қоғамдағы жат қылықтардан сақтауға бағытталған әлеуметтік көріністердің алдын алу шараларының бірі «Өз өміріңді сақта» акциясын ұйымдастырды.

Сонымен қатар биыл бірінші рет облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырмасына сәйкес тілдерді дамыту бойынша іс-шараларға - 600,0 мың теңге бөлінген. Тілдерді дамыту бойынша бүгінгі күні өткізілген іс-шаралар саны 5. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында «Тілдарын - 2017» қалалық олимпиадасын өткізу жоспарлануда.

Үкіметтік емес ұйымдармен жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл және әріптестік жөніндегі жұмыстары жалғасуда.

**Г. Шәрбекова,**
***бөлім басшысы***

*Жемқорлыққа жол жоқ!*

# БАҒДАР – АНЫҚ, МАҚСАТ – АЙҚЫН

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Сыбайлас жемқорлыққа мемлекет пен қоғам біріге отырып, қарсы күресу керектігін» әрдайым айтып келеді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Президентіміз ел азаматтарын, халқымызды осыған шақырады. Бұл мақалада мемлекет басшысы еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болуы үшін рухани жаңғырудың бағыттарын белгілеп, алдағы жылдардағы міндеттерді айқындап көрсетті.

Біз бүгінде жаңа қоғамда өмір сүрудеміз. Елбасымыздың алға қойған басты мақсаттарының бірі – дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін әр азамат мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне аянбай адал қызмет етуі тиіс. Ежелден халқымыз ғасырлар бойы туған жерімізді сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды пайдалануды ұстанған ел. Ел Тәуелсіздігін жариялаған сәттен Елбасымыз халқымызды осы қағиданы ұстануға шақыруда.

Иә, сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңге тарап, қоғамға кері әсерін тигізетіндігі рас. Бұл ретте, елімізді дамыған елдердің қатарынан көру үшін әр Қазақстанның азаматы бүгінгі күннің басты құндылықтарын – тазалық, адалдық, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін артып, санасына сіңіруі қажет. Ал, осы құндылықтар әр адамның ой санасында сақталса, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатыны сөзсіз.

Тарихқа сүйенсек, Қазақстан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып «Сыбайлас жемқорлыпен күрес туралы» Заңын қабылдап (1998ж.), арнайы бағдарламаларды бекітіп, бұл зұлымдықпен күресуге қадам бастады. Алғашқы қабылданған Заңда сыбайлас жемқорлықпен күресуге, салдарын жоюға баса назар берілсе, кейінгі, 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» Заңда сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алуды көздейді.

Дегенмен, елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңдар қабылданып, бірқатар жұмыстар атқарылғанымен, жемқорлық мәселесі бүгінгі күннің өзектісіне айналып отыр. Өкінішке орай, кейінгі жылдары сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпараттар телеарналарда, БАҚ беттерінде жиі орын алуда. Мұның себебі неде? Менің ойымша, ең біріншіден, қоғам мүшелерінің заңнамалық білімі жағынан сауатсыздығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы «иммунитетінің» әлсіздігі, мәдениетінің төмендігі.

2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілді. Бұл құжаттың басты мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Бүгінде облысымызда Стратегияда көзделген міндеттемелерді орындауға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспары құрылып, жүзеге асырылуда. Алайда, қабылданған заңнамалық құжаттар мен кешенді жоспарлар жемқорлыққа тосқауыл бола алмайтындығы анық. Жақсы да, жаман да адамдардың, яғни қоғамның санасынан басталады. Сондықтан, біз ең алдымен ата-бабаларымыз аманат етіп берген құндылықтарымызды сақтай біліп, өскелең ұрпақтың бойына адалдық, отансүйгіштік қасиеттерін сіңіруіміз қажет.

Сөз соңында, сыбайлас жемқорлық – әлемді шарпыған індет. Бұл індеттің түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Ал, қоғам дегеніміз - ол сіз бен біз, яғни заңға, қоғамдағы өзіміздің міндеттеріміз бен моральдық ахуалымызға деген бір-біріміздің қарым-қатынасымыз. Олай болса, әрбір қазақстандық өзінің ой-санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидасын қалыптастырып, жемқорлыққа жол бермей, мемлекетпен бірігіп жұмыс жүргізсе, нәтижесінде, алға қойған мақсаттарға сүрінбей жететіндігімізге сенімдімін.

**Ф.А.Қасымова,**
***Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маман***

*Латын әліпбиінің маңыздылығы*

# ӘРІПТЕР СӨЙЛЕЙДІ

**Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы терең мағлұмат беру, жаңа әліпбимен таныстырып, қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында 20 желтоқсанда № 2 ЖОББМ-нің мектеп алды даярлық сыныптарында «Әріптер сөйлейді. Латын, қазақ әріптері» тақырыбында сынып сағаты өтті.**




Сынып сағаты барысында мектепалды даярлық сынып оқушыларына қазақтың төл әріптерімен латын әріптерін таныстырып, олардың ойлары тыңдалды. Оқушыларға әріптердің латын түрінде қалай дыбыс-талатынын, жазылуын көрсетіп, нәтиже-сінде латын қазақ әріптері бір-біріне дыбысталу жағынан ұқсас келетінін меңгерді. Сабақ барысында бір буынды сөздерді жазып үйренді. Нәтижесінде оқушылар латын әріптерімен танысып, латын әріптерін естерінде сақтап, қайталап айта білуге және берілген сөздерді қатесіз оқуға машықтанды.

**№ 2 жалпыбілімдік орта мектеп**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 51/539. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*